

**Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы
бойынша білім бөлімі «Торғай ауылының жалпы орта білім беретін
мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметінің
өзін-өзі бағалауы**

2023-2024 жыл

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

1) Мекеменің атауы: Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Торғай ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Пайдалануға берілген жылы: 1965 жылы ашылған, типтік ғимаратта орналасқан, 2 қабатты шағын жинақты мектебі. Сыйымдылығы 300 орын.

Жалпы ауданы - 2367\9 ш.м, жалпы жұмыс ауданы – 1572,6 ш.м.

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері: 020810, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Торғай ауылы, улица Сейфуллина, № 16

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері: 87163335295, 87782296533, электронды поштасы turgay.ssh@mail.ru.

4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Айтбаева Мейрамгуль Женисовна, 2021 жылғы 25 ақпан айының №4 бұйрықпен тағайындалған.

5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғаның толық атауы/ТАӘ, БСН/ЖСН "Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Торғай ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 970840013902

6) Рұқсат беру құжаттары: 17.04.2024 жылғы № KZ93RVK00057401 білім беру қызметіне Лицензия. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама.

1-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) *білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО ҮОЖ) сәйкестігі. Бағаланатын кезеңде әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса беріледі;*

2) *«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14-қазандағы №422 бұйрығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады, соның ішінде:*

Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледж бен университетте жаңа кәсіби дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді.

2023-2024 оқу жылы

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізі басым бағыттары айқындалған. *Әдістемелік нұсқау хатта 2023-2024 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:*

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйеге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:
- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Әдістемелік нұсқау хат қосымшасы перспективалық жоспар, циклограмма үлгісін, баланың жеке даму картасының үлгісін қамтиды. Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);

5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Жұмыс бағдарламасына сәйкес апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 20 сағатты құрады: «Дене шынықтыру» - 3 сағат, «Сөйлеуді дамыту» - 2 сағат, «Көркем әдебиет» - 2 сағат, «Математика негіздері» - 3, «Сауат ашу негіздері» - 3сағат, «Қоршаған ортамен танысу» - 2. «Шығармашылық» (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.) - 1, «музыка» - 2 сағат «Қазақ тілі»- 2 сағат.

Инвариантты компоненттің жылдық оқу жүктемесі «Дене шынықтыру» - 99 сағат, «Сөйлеуді дамыту» - 66 сағат, «Көркем әдебиет» - 66 сағат, «Математика негіздері» - 99, «Сауат ашу негіздері» - 99сағат, «Қоршаған

ортамен танысу» - 66. «Шығармашылық» (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.) - 33, «музыка» - 66 сағат «Қазақ тілі»- 66 сағат.Барлығы – 660 сағат.

3) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру (жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса беріледі);

Мектепке дейінгі білім беру мен оқытудың мемлекеттік стандартына сәйкес мектепалды сыныпта оқушыларды тәрбиелеу мен оқытудың психологиялық – педагогикалық негізіне қойылатын талаптар жүйесі кіреді. Осы талаптар жүйелі түрде орындалған. Топта бес білім беру саласын негізге ала отырып дамытушы орта ұйымдастырылған.

Бала өмірін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін материалдық – техникалық, санитарлық – гигиеналық психологиялық – педагогикалық, эстетикалық жағдайларды кешенді ұйымдастыру ескерілген. Пәндік – дамытушы ортада баланың құрдастарымен, заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс – әрекетпен тәжірибе бөлісуге жағдай жасалынған. Балалар ойын жиһаздарымен қамтамасыз етілген: дүкен, шаштараз, дәріхана, табиғат орталығы, «Қызықты математика», шығармашылық бұрышы керекті құралдарымен жабдықталған. Тәрбиеленушілер өз қалаулары бойынша боямақ, бастыру трафареттары арқылы жұмыс жасауға жағдайлар жасалған. Жаңа технологиялардың элементтерін қолдану мақсатында «БТТШ»/ Триз/ «Қызықты математика» құралдары, ұяшықтарға салынатын пішіндер, кестелер, «Деньеш» технологиясының элементтерін қолдануға арналған бастыру әдістерінің құралдары/ жемістер, жануарлар/ жинақталған. Монтессори технологиясының элементтерін қолдануда фетрден тігілген құралдар, балалардың саусақтарының, ұсақ моторикасын дамыту мақсатында-түймелеу/ алма ағашына алмаларды орналастыру, сыдырмақтар және т.б күннің екінші жартысында қолдану ұйымдастырылған.

Педагогтар төмендегідей мақсатты алға қоя отырып, жұмыс жасайды :

- Әрбір баланың тұрақты белсенділігін, оның бейімделу мүмкіндігін дамыту үшін оңтайлы денсаулықты жасау ортасы мен денсаулықты сақтауды нығайту .
- Өзіне және қоршаған адамдарға пайдаысн тигізу үшін, мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке тарту мақсатында еңбек қызметінің түрлері мен мазмұнын жандандыратын үйлесімді бағытты енгізу.
- Ата – аналардың балаларға инновациялық көзқарасын қалыптастыру, мектеп жасын дейінгі балалардың іс – әрекеті мазмұнымен түрлерін меңгеруде үйлесімді бағыт іздеу.

Ойын құралдарына келетін болсақ, топта денсаулық аймағы бойынша таңертенгілік жаттығуларға арналған құралдар (сылдырмақтар, жалаушалар,

доптар т.б) бар. Қимылды ойындар атрибуттары және ойындар мазмұндары жазылған жинақтар жасалынған.

Оқу іс – әрекеттерінде пайдаланылатын дидактикалық және үлестірмелі материалдар жеткілікті.

Оқушылардың логикалық дамуына мүмкіндік жасалып, ойын бұрыштарында даму ойындары қойылған.

Мектепалды снып алға қойған мақсаттарының бірі бала денсаулығын нығайту болса, сол мақсатты жүзеге асыру үшін мына міндеттерді орындауды алға қойған:

- Балалардың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту үшін жағдай жасау. Оқушылардың оңтайлы қимыл тәртібін ұйымдастыру арқылы дене шынықтыру – сауықтыру жұмысының тиімділігін көтеру.
- Балалардың сөйлеу тілін дамыту, іс – әрекеттің барлық түрінде байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру арқылы жалғастыру.
- Шығармашылық іс – әрекетінің қоршаған әлемді эстетикалық түрде қабылдауын дамыту.

Осы алынған міндеттемелер серуен барысында қимылды ойындар таңертеңгілік жаттығу, сергіту жаттығулары, дене тәрбиесі оқы іс – әрекеттерінде жүзеге асырылған. Бейне материалдар қоса берілді

4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса беріледі);

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында педагог мамандығының мәртебесін арттыру негізгі бағыттардың бірі болып табылады.

2023-2024 оқу жылында 2 педагогтың екеуіде арнаулы орта білімді. Сулейменова Дильназ Дюсембаевна педагогикалық жұмыс өтілі 2,8 жыл. Кабылшарипова Гаухар Толегеновна педагогикалық жұмыс өтілі 1,5 жыл.

Мектепалды даярлық сыныптарында "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиесі" мамандығы бойынша 2 педагог жұмыс істейді. Үлесі 100% құрады, бұл «uzdik» бағалауына сәйкес келеді.

Мектепке дейінгі ұйымның 1 педагогы біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Педагогтардың дипломының көшірмелері, No10, No18 білім беру ұйымдарының бағалау Критерийлеріне қосымшалар қоса беріледі.

5) жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспары мен жеке бағдарламаның көшірмелері қоса беріледі);

б) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы (мектепалды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілер жоспарларының (карталарының) көшірмелері қоса беріледі);

Білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы кыркүйекайында, аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында).

Мониторингтің мақсаты:

- баланың жетістіктерін қадағалау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- баланың Бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші басқа да педагог мамандармен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады. Түрлі кезеңдерде баланың даму динамикасын анықтауға, педагогтың болашаққа алдағы амалдарын белгілеуге, баланың жеке дамуы үшін қажетті жұмыста жүргізуге мүмкіндік беретін бірыңғай мониторинг енгізіледі. Мониторинг жүргізу үшін индикаторлар жартыжылдық бойынша білім беру салаларынан күтілетін нәтижелер болып табылады. Мониторинг жүргізудің басты тәсілі баланың күнделікті өмірінде жүргізілетін бақылау тәсілі болып табылады. Бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасы баланың мектепке дейінгі ұйымда барлық уақытына жүргізіліп отырды. Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімін диагностиканың қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен мамандар толтырып отырды. Баланың жеке даму картасының «Қорытынды» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін тәрбиешілер баламен жеке түзету жұмысын жүргізіп, ол үшін педагогикалық процестің міндеттері мен мазмұнын айқындалды. Баланы қолдау, оның білім траекториясын құру немесе оның даму ерекшелігін кәсіби түзету үшін білім беруді даралау, жеке тұлғалық бағыт қағидасын іске асыру, балалар тобымен жұмысты белсендендіру жұмыстары орын алып отырды. Тәрбиеленушілерінің карталарының көшірмесі берілді.

7) Физикалық қасиеттері ,Коммуникативтік дағдылары ,Танымдық және зияткерлік дағдылары ,Шығармашыл ық дағдыларының зерттеу іс-әрекетінің дамуы, Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру (бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік,

спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жанатырған мазмұны: ұқсас тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар, апталық циклограмма, балалардың біліктерімен дағдыларының даму деігейін бақылау үшін индикаторлар жүйесін енгізу арқылы іске асырылады. Білім беру ұйымында білім беру қызметін тиімді ұйымдастыру үшін АКТ-ны қолдану арқылы көрнекілік, сөздік, практикалық, дәстүрлі әдістер мен тәсілдер кеңінен қолданылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға әлеуметтік дағдыларымен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған : Физикалық қасиеттері, Коммуникативтік дағдылары, Танымдық және зияткерлік дағдылары Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы , Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру салалары мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етеді. Тәрбиешілер ұқсас тақырыптарды тандау барысында аймақтық ерекшеліктерді балалардың жастарын, тәрбиешінің тақырыптық бағытын ескере отырып шығармашылық күзіреттілік танытады. Перспективалық жоспарға сәйкес әрбір аптаға балалардың өтпелі тақырыптарды жан-жақты зерттеуіне бағдарланған, әлеуметтік дағдыларымен өз бетінше үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған циклограмма құрылады. Циклограммада Санитариялық қағидалар талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір күн тәртібі сәтінің міндеттері, мазмұны және ұзақтығы анықталады. Балалардың өз бетінше шешім қабылдау үшін жағдайлар жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға мүмкіндік беріледі. Серуенді, таңертеңгі гимнастика, ойындарды (дамытушы, сюжеттік-рөлдік, қимылды және т.б.) ұйымдастыру үшін картотекаларды қолдану арқылы жоспарлайды. Балабақша әдіскері тәрбиешілердің циклограмманы уақытылы құрастыруын бақылауды тиісті ұсыныстар мен ескертулер тексере отырып жүзеге асырылады. Педагогтар бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін мониторинг арқылы жүзеге асырады. Мониторинг нәтижелері бақылау парағында толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады. Педагогтар мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын саралап толтырады.

Тәрбиеленушілерді дамыту үшін ұйымдастырылған оқу қызметінде саралау әдістері, бақылау түрлері, кері байланыс, рефлексия орнату үшін, ашық-жабық сұрақтар, ойын түрлерінің әдіс-тәсілдері тиімді болады және оны жүзеге асыру мақсатында бір аптаға жоспарланған циклограмманы басшылыққа аламыз. Тәжірибенің ұтымды жақтары ең басты баланы танып дамытуға, алдына нақты мақсат қойып, ойын түрлерін қолданғанда ғана жүзеге асырылады.

8) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы (бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса беріледі).

Педагогикалық талдау білім беру бағдарламасының мазмұны бойынша балалардың құзыреттілік дамуының диагностикасы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Әр баланың бағдарламалық материалды игеру деңгейі бақыланады. Педагогтар мен педагог – психолог жеке баланың даму мониторингін жүргізеді. Диагностиканы жүргізгенде сауалнама тапсырмалары, дидактикалық, сюжетті – рөлдік ойындар, ойын жағдайлар қолданылып, міндетті түрде көрнекі материалдар таратылады. Диагностиканың қорытындыларымен ата – аналар, педагогтар таныстырылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына жүргізілген 2023-2024 оқу жылдарындағы мониторингі бойынша салыстырмалы талдау:

Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдылардың маңызы зор. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге педагог тарапынан қамқорлықпен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелерін алуда-балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалды

2023-2024 оқу жылында 0 «А», «Б» сынып мектепалды даярлық сыныбының бақылау жиынтығы: Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы (бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса беріледі).

2023-2024 оқу жылында 0 «А», «Б» мектепалды даярлық сыныбының бақылау жиынтығы:

Саны	Дағдылар	I деңгей	II деңгей	III деңгей
	Бастапқы			
14	Денсаулық	0%	90%	10%
14	Коммуникация	0%	90%	10%
14	Шығармашылық	0%	90%	10%
14	Таным	0%	90%	10%
14	Әлеумет	0%	90%	10%
	Аралық			
14	5-Ф	0%	0%	100%
14	5-К	0%	0%	100%

14	5-П	0%	0%	100%
14	5-Т	0%	0%	100%
14	5-С	0%	0%	100%
	Қорытынды			
14	5-Ф	0%	10%	90%
14	5-К	0%	10%	90%
14	5-П	0%	10%	90%
14	5-Т	0%	10%	90%
14	5-С	0%	10%	90%
	Ортақ көрсеткіш (%)	0	10%	90%

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

Мектеп алды даярлық сыныптарында ұзақтығы 25-30 минутты құрайтын төрт сабақтан өткізілді. Инвариантты компоненттің жылдық оқу жүктемесі «Дене шынықтыру» - 99 сағат, «Сөйлеуді дамыту» - 66 сағат, «Көркем әдебиет» - 66 сағат, «Математика негіздері» - 99, «Сауат ашу негіздері» - 99сағат, «Қоршаған ортамен танысу» - 66. «Шығармашылық» (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.) – 33, «музыка» - 66 сағат «Қазақ тілі»-66 сағат.Барлығы – 660 сағат.

2023-2024 оқу жылы

Мектеп даярлық сыныптарда үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі сақталған.Үлгілік бағдарлама мазмұнының сай жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары негізінде оқу жоспары жүзеге асырылды.

2) оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы.

Оқыту тілі бойынша оқу жүктемесі бойынша талаптар сақталады. Мәліметтер оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелерінде берілген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар (осы Өлшемшарттардың 6 немесе 7-қосымшаларына сәйкес мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері қоса беріледі).

Сауалнаманы «Торғай ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ мұғалімдер 2024 жылдың сәуір айында мектепалды жастағы балалардың ата-аналарына арналған сауалнама (бес жастан бастап) өткізді. Сауалнама мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға

міндетті стандартының талаптарына сәйкес 5 жастан бастап жас тобы бойынша игеруге жататын білім, білік, дағды көлемінің меңгеру деңгейін анықтауға бағытталған.

Мектепалды жастағы балалардың (5 жастан бастап) жетістіктеріне объективті мониторинг жүргізудің мақсаты мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасын жақсарту болып табылады.

Сауалнамаға 0 «А», «Б» даярлық сыныбын 100% ата-анасы қатысты (10 тәрбиеленушінің: Ефременко Валерия, Аубакирова Адина, Егизбаев Мират, Плотников Демид, Айтжан Еркеш, Айсабаев Ярулла, Ахансері Айкөркем, Манабаева Жансулу, Қанат Әділхан, Осерхан Айша).

«Торғай ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ мектепалды жастағы балалардың (бес жастан бастап) ата-аналардың сауалнамасын талдау балалардың денсаулық сақтау, танымдық, коммуникативтік-тілдік, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларының толық қалыптасқанын көрсетті. Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың 100%-і осы тұжырыммен «Толығымен келісемін» және «Келісемін».

Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың 100%-і (10 адам) олардың балалары кітаптарға қызығушылық танытып, өлеңдерді мәнерлеп жатқа оқи алады деген тұжырыммен «Келіспеймін» атап өтті.

Диалогтық қарым-қатынастың дамуының төмен деңгейі баланың когнитивтік мәселені шешуге тырысуымен сипатталады, ал ол серіктесіне назар аудармайды, үнсіз әрекет етеді, өз іс-әрекеттеріне сирек түсініктеме береді, кейде серіктестің мәлімдемелеріне жауап береді және онымен жанжалды қатынастарға түсе алады.

Осыған байланысты педагогикалық ұжымның жұмысы мынадай:

- балалардың коммуникативтік дағдыларының деңгейін арттыру бойынша ата-аналар дәрісханасы;
- коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру негіздері бойынша ата-аналар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бағыттарына бағдарланатын болады.

Сауалнамаға бөлек талдау жасалынды, әр білім беру салалары бойынша қорытындысы әзірленіп 19 парақтағы қосымшада беріліп отыр

Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру (МДТО ҮОЖ әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бір бейне материалы қоса беріледі);

МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру:

Балалардың мектепте оқуға дайындығын қамтамасыз ету үшін мектепалды даярлық сыныбында Сауат ашу негіздері аптасына үш сағат өткізіледі. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Мектепалды даярлық сыныптарында математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш сағат өткізіледі. Мектеп алды даярлық балалары үшін күн сайын танымдық, зерттеу әрекетін ұйымдастыруға болады. Мұнда математикалық ұғымдарды (заттардың түсі, көлемі, пішіні, саны, кеңістікте орналасуы және т.б.) бекіту үшін сәйкес сұрақтар қойып, балалардың жеке жауаптарын тыңдау, балалардың математика терминдерін қолданып жауап беруіне, заттарға өз бетінше зерттеу жүргізуіне игерген дағдыларын қолдануына мән беру ұсынылады.

Қоршаған ортамен танысу ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына екі сағат өткізіледі. Мұнда объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын, еңбек және басқа да әрекеттер арқылы іске асырылады. Мұнда балалардың заттарды қолмен ұстап, зерттеуі, олардың қасиеттеріне талдау жасауы, заттарды қолдануы, туындаған сұрақтарға жауап беруі, өз бетінше сұрақтардың жауабын іздеуі мен табуы, алынған дағдыларды ойында қолдана алуы маңызды. Қоршаған ортамен танысу баланың «Мен» бейнесінің пайда болуына барынша ықпал етеді. Сол себепті отбасы, түрлі мамандықтар, ересектердің еңбегі, туған жер, Отан, отан қорғаушылар туралы және т.б. түсініктер мен дағдыларын, патриоттық сезімін қалыптастыру үшін балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтары, отбасылық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге басымдық беру көзделеді. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру аптасына бір сағат жүргізіледі, ал шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті күн сайын балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастырылады және мұнда бірнеше іс-әрекет түрі қатар 22 жүруі мүмкін немесе көпшілігінің қалауы бойынша барлығы бір іс-әрекет түрімен айналысуына болады. Балалар айналадағы болып жатқан оқиғаларды ой елегінен өткізіп, тәжірибе жинақтауы және дағдыларды игеруі үшін олардың қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін ашу ұсынылады, ол үшін балаларға жұмыс жасауға дайын үлгі беруді жиі қолданбау, бейнелеу құралдарын қолданып, бейнелерді, құрастыруларды өзбетінше жасауға ынталандыру, оларға еркіндік беру, тапсырманы шығармашылықпен орындауға баулу.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті мектепалды даярлық сыныптарында аптасына екі рет білім беру ұйымының сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, балалар музыка аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді. Жыл соңында отбасы мүшелері туралы әңгімелейді, оларға өзінің қарым-қатынасын білдіреді, айналасындағы заттардың міндеттерін біледі, ересектерге көмектесуге ынта білдіреді. Табиғаттың сипаттық маусымдық өзгерістерін анықтайды және атайды. Табиғат бұрышының

тіршілік иелеріне қамқорлық танытады, аулада жаздың күндерінде ересектерге гүлзарларда көмектеседі.

Бейне сабақтар қоса беріледі.

2) *жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау (осы Өлшемшарттардың 8-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, мониторингісінің (қорытынды) көшірмелері қоса беріледі).*

2023-2024 оқу жылында мектепалды жасы (5 жастан бастап) – 10 бала. бала. Барлық дағдыларды игерген 10 бала.

Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) *жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау (осы Өлшемшарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі);*

Мектеп алды даярлық сыныптар бойынша жас кезеңдері сақталған, сыныптар бірдей жас принцип бойынша жинақталған.

Өлшемшарттың 9 қосымшасына сәйкес жылдар бойынша жас топтары тізімдері жасалып, көшірмесі қоса берілді.

2) *тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.*

Мектепке дейінгі ұйым қызметі екі кезеңге бөлінеді: 1) 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеру кезеңі; 2) 1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.

Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыс балаларды сауықтыруға, шынықтыруға, дене дамуына және өтілген бағдарлама материалын бекітуге бағытталады. Балаларды жазғы кезеңде сауықтыру жүйесі қамтиды:

-дене-сауықтыру жұмысы (спорттық және қимылды ойындар, таңертеңгі гимнастика, сергіту сәттері, музыкалық-ырғақтық қимылдар, дербес қимыл белсенділігі, ұсақ моториканы дамыту ойындары, тыныс алу жаттығулары, көзге арналған гимнастика және т.б.);

- шынықтыру (күннің көзіне қыздырыну, серуендер, жорықтар, жарыстар және т.б.).

Мектепке дейінгі сыныптарда жаз кезеңі шығармашылық, сауықтыру мен қарым-қатынас, ойындар, сауық-кештер, бірлескен және жеке еңбек, тәжірибелік-эксперименттік әрекет түрлерін қамтиды.